

Ақмола облысындағы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 14 қарашадағы N 3759

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"
Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар:

Алексеев ауданы - Ақкөл ауданы;

Алексеев қаласы - Ақкөл қаласы;

Балкашин ауданы - Сандықтау ауданы;

Вишнева ауданы - Аршалы ауданы;

Краснознамен ауданы - Егіндікөл ауданы;

Макин ауданы - Бұланды ауданы;

Державин ауданы - Жарқайың ауданы болып қайта аталсын.

2. Мыналардың транскрипциясы:

Ерментау ауданы - Ерейментау ауданы;

Ерментау қаласы - Ерейментау қаласы;

Кургальджин ауданы - Қорғалжын ауданы болып өзгертілсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті